



Ғалым МҰТАНОВ,
ҚазҰУ ректоры:

**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН
СТУДЕНТТЕР!**

**Баршаңызды жаңа оқу жылының
басталуымен шын жүректен
құттықтаймын!**

Бүгінде еліміздегі барлық білім ордасы оқушылар мен студенттерге есігін айқара ашты. Бұл барша жанның көңілін толқытқан ерекше сәт деп білемін. Бүлдіршіндеріміз алғаш мектеп табалдырығын аттап жатса, мектеп түлектері жаңадан университет қабырғасына келіп, үлкен өмірге аяқ басуда. Сондықтан ұстаздар қауымы да олардың қадамдарына сәттілік тілеп, ыстық ықыласпен қарсы алып жатыр. Қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы – ҚазҰУ құшағы да бұл күні жүздері бал-бұл жанған шәкірттерге толы.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – 80 жылдық терең тарихы мен бай дәстүрі бар, әлемдік білім кеңістігіндегі ең үздік 300 университеттің қатарына енген заманауи университет. Сондай-ақ өткен оқу жылы ордалы оқу орны әлемнің технологиялық тұрғыда дамыған 50 университетінің қатарына кірді. Биыл дәстүрлі түрде еліміздегі жоғары оқу орындары арасында білім беру сапасы бойынша көш бастадық. Ғылым мен инновация саласындағы жетістіктеріміз де жыл сайын артып, әлемдік аренадағы танымалдылығымызға жол ашуда. Бұл, әрине, рухы берік, бірлігі бекем ҚазҰУ ұжымының ерен еңбегінің жемісі. Оның ішінде талантты да талапты жастарымыздың қосып жатқан үлесі де сүбелі. Жуырда ғана спортшы жастарымыз Бүкіләлемдік жазғы универсиадада рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. ҚазҰУ студенттері ел құрамасы қоржынына бес алтын медаль салып, мерейімізді асырды.

Осынау атаулы күні барша қазулықтарға университетке сіңірген адал еңбектері үшін алғыс білдіремін! Баршаңызға жаңа оқу жылында зор жетістіктер, шығармашылық табыс, отбасыларыңызға амандық-саулық тілеймін! ҚазҰУ табалдырығын алғаш аттаған студенттерге сәттілік жолдас болсын! Білім алудан жалықпаңыздар, талмай ізденіңіздер!



ЕҢ ҮЗДІК МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЗҰУ-ДЫ ТАҢДАЙДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жеңіп алған оқу гранттарының саны бойынша еліміздегі ЖОО арасында биыл дәстүрлі түрде тағы да көш бастады.

Ең үздік мектеп түлектерінің ҚазҰУ-ды таңдауы кездейсоқ емес. Қазіргі таңда жастарымыз үшін сапалы білім алу маңызды өмірлік басымдық болып табылады және оны еліміздің жетекші оқу орнында алуға болады. Университет түлектері экономиканың сан алуан салалары мен ел өмірінің түрлі аясында сұранысқа ие. Жұмыс берушілер жас мамандарды жұмысқа қабылдағанда ҚазҰУ дипломына басымдық береді. Осы жылы университетке түсушілер техникалық және экономикалық, сонымен қатар гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми бағыттағы мамандықтарға басым тандау жасады.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Клинтонның жаһандық бастамасы (CGI) мен «Clinton Global Initiative University» (CGI U) университеттер жүйесіне мүше болды. ЖОО-ға беделді университеттер консорциумына кіру туралы ұсынысты АҚШ-тың экс-президенті Билл Клинтон ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановқа жолдаған хатында білдірді.

ЖАҒАНДЫҚ УНИВЕРСИТЕТ



CLINTON GLOBAL INITIATIVE
UNIVERSITY

құрылған. 2005 жылы Б. Клинтон негізін қалаған ұйым

Клинтонның жаһандық бастамасы (CGI) – бұл көшбасшылардың халықаралық қауымдастығы, ол ең өзекті жаһандық мәселелерге арналған жаңашыл шешімдерді жүзеге асыру үшін

жүздеген бизнес көшбасшылары, қайырымдылықпен айналысушы адамдар, әлемнің көптеген елдерінің ғалымдары мен мемлекет басшылары енген үлкен қауымдастыққа айналды. Жаһандық бастама әлемдегі өмірді жақсартуға ұмтылған адамдарды біріктіреді және адамзаттың өзекті мәселелерінің шешу жолдарын іздестіруге белсенді қатысады. Нью-Йорк қаласында өтетін жыл сайынғы құрылтайда қоршаған орта, білім беру, денсаулық сақтау, жаңа технологияларды ендіру, т.б. мәселелер талқыланады. Құрылғаннан бері ұйым әлемнің 180 елінде 400 миллионнан астам адамға көмек берген.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

**СУПЕР УНИВЕРСИТЕТУ—
СУПЕР КОМПЬЮТЕР!**



2-стр.

**БІЗДІҢ
ЧЕМПИОНДАР!**



4-бет

**СТУДЕНТКЕ
АНЫҚТАМА**



6-бет

СУПЕР УНИВЕРСИТЕТУ – СУПЕР КОМПЬЮТЕР!

КазНУ им. аль-Фараби получит по гранту Правительства КНР суперкомпьютер стоимостью 10 млн. долларов США. Об этом была достигнута договоренность в ходе государственного визита Президента РК в КНР.



Суперкомпьютер с пиковой производительностью сто десять триллионов операций в секунду (110 Тфл) поставит ведущему казахстанскому университету китайская компания «INSPUR», грантовые средства будут выделены Правительством КНР.

В мае текущего года во время официального визита Председателя КНР Си Цзиньпина в Казахстан в целях дальнейшего развития научно-технического сотрудничества двух стран Президентом РК Нурсултаном

Назарбаевым было предложено реализовать совместный проект по созданию IT-технопарка по модели «Silicon Valley». Претворяя в жизнь идею Главы государства, КазНУ выступил с инициативой создать международный IT-технопарк Альянса Университетов Нового Шелкового пути. Он будет формироваться на базе КазНУ путем создания центра суперкомпьютерных и облачных вычислений.

Во время государственного визита Н.Назарбаева в КНР руководители КазНУ

им. аль-Фараби и компании «INSPUR» подписали меморандум о сотрудничестве, в котором определены основные направления совместной деятельности по реализации проекта.

Следует отметить, что КазНУ по государственной программе индустриально-инновационного развития определен базой подготовки высококвалифицированных специалистов по информационно-коммуникационным технологиям. Для этого совместно с министерством по инвестициям и развитию РК создается уникальный инновационный кластер «Технолофт» включающий в себя инновационные мастерские и IT-технопарк, ядром которого послужит суперкомпьютер.

Углубление сотрудничества Казахстана и Китая в области информационно-коммуникационных технологий придаст новое качество межгосударственным отношениям в сфере науки и образования, расширит возможности реализации совместных исследовательских проектов в рамках научно-технического взаимодействия стран ШОС. Кроме того, это будет способствовать успешной реализации масштабного межгосударственного проекта по созданию экономического пояса нового Шелкового пути, тесно перекликающегося с Посланием Президента РК «Нурлы Жол – Путь в будущее».

Технопарк КазНУ

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖАҒАНДЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

Аталған бастама аясында құрылған «Clinton Global Initiative University» (CGI U) – әлемнің жетекші университеттерінің желісі болып табылады. Бұл талантты студент-кәсіпкерлердің жанашыл және кәсіпкерлік идеяларын дамытуға және қолдауға бағытталған ұлғайып келе жатқан консорциумы. CGI U университеті құрылған күннен бастап 145 елдің 7500-ден астам студентіне қолдау көрсеткен.

«CGI U» желісіне кіру ұсынысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың БҰҰ Жаһандық хабы және ЮНЕСКО аймақтық хабы ретіндегі жоғары беделінің көрсеткіші болып табылады. Жаһандық бастамалар мен жобаларды дамыту және ілгері жылжыту бойынша белсенді қызмет, көптеген жетекші халықаралық ЖОО қауымдастықтары мен ұйымдарына мүшелік, ғылым мен білім берудегі әлемдік деңгейдегі жетістіктер – осының бәрі қауымдастыққа кіретін ЖОО-ның маңызды әрі қажетті жоғары рейтингісінің көрсеткіші болып табылған. Сондай-ақ, халықаралық сарапшылар пікірінше, шешуші рөлді студенттік өнертапқыштық пен кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған университеттің инновациялық қызметі атқарады.

Жуырда ғана Нью-Йорк университетінде (АҚШ) университеттер консорциумы мүшелерінің кездесуі өтті. Онда «CGI U» желісіне қабылдау бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кандидатурасы бірауыздан қолдау тапты. Осылайша, АҚШ-тың экс-президенті басқарған «CGI U» университеті еуразиялық кеңістіктегі жоғары білім беру саласының жалғыз өкілі – ҚазҰУ мүмкіндігін бағалай отырып, оны адамзаттың көптеген өзекті мәселелерін шешуде серіктес санайды.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көптеген жетекші ЖОО қауымдастықтары мен желілерінің мүшесі болып табылады. Клинтонның жаһандық бастамасы (CGI) университеттер желісіне кіру ұсынысын ТМД ЖОО-лары ішінде алғашқылардың қатарында алуы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылым мен білім берудің әлемдік деңгейде дамуына, ғылыми зерттеулерді жүргізуге, халықаралық студенттік және ғылыми органы адамзаттың әлемдік мәселелерін шешуге жұмылдыруға қосқан сүбелі үлесінің кезекті рет мойындалуы болып табылады.

Өз тілшімізден

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЕҢ ҮЗДІК МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЗҰУ-ДЫ ТАҢДАЙДЫ

Сондықтан ең үлкен бәсеке радиотехника, электроника және телекоммуникациялар, ақпараттық жүйелер, автоматтандыру және басқару, стандарттау, сертификаттау және метрология, биотехнология, аударма ісі, халықаралық қатынастар, құқықтану, қаржы, есеп және аудит, экономика және халықаралық құқық секілді мамандықтар арасында орын алды. Магистратура және докторантураға түсушілер арасында да байқау өте жоғары екендігі байқалады. Жекелеген мамандықтар бойынша үміткерлер саны бір орынға 20-30 адамнан келеді.

ҚазҰУ бірегей интеллектуалды және ғылыми әлеуетке ие. Ол – әлемнің ең үздік 300 және технологиялық тұрғыда дамыған 50 жоғары оқу орындарының қатарына енген Қазақстандағы алғашқы университет. Мұнда әлемнің жетекші университеттерімен қосдипломды білім бағдарламалары, жұмыс берушілердің талабын ескере отырып, студенттерді оқытудың модульді технологиясы, нәтижеге бағытталған басқарудың жетекші әдістері, ағылшын тілінде оқыту, жаңа оқу бағдарламалары мен мамандықтар белсенді түрде енгізілуде.

Университет еліміздің индустриалды-жаңашыл бағытта дамуы үшін белсенді түрде жоғары білікті мамандарды даярлауға кірісті. ҚазҰУ химия өндірісі және ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласы бойынша магистратурада мамандарды дайындауда базалық университет болып табылады. Қазақстанның ЭСҰ-на кіруіне байланысты исламдық банкинг, халықаралық сауда, халықаралық маркетинг және т.б. бойынша жаңадан магистрлік бағдарламалар ашылды.

Баспасөз қызметі

РЕКТОРАТ

Заман талабына сай



Жаңа оқу жылының алғашқы ректорат мәжілісі 1 қыркүйек – Білім күніне тұспа-тұс келді. Жиналысты ашқан бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев мерекемен құттықтап, салтанатты шараларға кезек берді. Оның аясында Ресей Ғылым академиясының президенті Владимир Фортов ҚазҰУ-дың Құрметті докторы атағымен марапатталды.

Мәжілісте сөз алған Владимир Фортов: «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Құрметті докторы атағын алу – мен үшін үлкен мәртебе. Бұдан кейін де ғылым саласында біз бірлесіп жұмыс істейміз», – дей келе әріптестік қарым-қатынастың одан әрі нығая түсеріне зор сенім білдірді.

Осы ретте Қазақстан Республикасы Конституциясына – 20 жыл медалімен

заң ғылымының ардагері Сұлтан Сартаев пен экономика ғылымдарының докторы, профессор Сатыбалды Балымбетов марапатталды.

Ал күн тәртібіне көшкен тұста магистратура мен PhD-докторантураға түсу емтихандарының қорытындылары, контингентті қалыптастыру және 2015-2016 оқу жылындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу үрдісін

ұйымдастыру туралы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры Т.М. Мұхитдинова хабарлама жасады. Атап айтсақ, биылғы жыл қорытындысы бойынша магистратураға механика және математикаға – 433, химияға – 371, физикаға – 315 адам өтініш білдірсе, докторантураға механика-математика бойынша 86, философия және саясаттану бойынша 74, экономика және бизнес жоғары мектебінің 61 үміткері қатысқан.

Жоғары білім алумен қатар көп тіл білу еркіндігі бүгінгі таңда кәсіби сауаттылықты арттырудың негізгі көзі болып табылады. Бүгінгі ғылым саласының бірқатар мәселелерін атап өткен институт директоры неғұрлым күрделі новациялар болған сайын нақты мақсатқа негізделген нәтиже беретінін тілге тиек етті. Ол білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті – бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі екендігіне де кенінен тоқталды.

Сондай-ақ жиын барысында шығыстану факультеті деканының орынбасары Р.Е. Құдайбергенова ағымдағы жылдың 21-23 тамыз аралығында Қазақ ұлттық университетінің қатысуымен Кенджау каласында Жібек жолы университеттерінің сессиясы өткендігін хабарлады. Шарда құрлықта және теңіз бойында орналасқан жоғары оқу орындарының қауымдастығын құру, өркениетті елдердегі өзекті мәселелерді қарау негізінде ұйымдастырылып, нәтижесінде аффилирленген органдардың іс-шаралар жоспарларын бекіту, бюджет қабылданғаннан кейінгі қорытынды мәлімдемелі дайындау сынды өзекті мәселелер оң шешімін тапқан.

Жұлдыз ӘБІЛ

КазНУ стал членом Глобальной инициативы Клинтон и сети университетов «Clinton Global Initiative University»

«Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ» атты кітап жарық көрді

«Қазақ университеті» баспасы Қазақстан Республикасының Президенті - Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған кітапты жарыққа шығарды. Бұл басылым соңғы жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығарып келе жатқан белгілі «Өнегелі өмір» атты кітаптар сериясының арнайы шығарылымы болып табылады.

тәуелсіздіктің қалыптасуы мен жас ұрпақтың болашағы туралы ойлары топтастырылған.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, атақты отандық және шетелдік ғалымдардың, Елбасы замандастарының әлемдік деңгейдегі саясаткер және стратег ретіндегі ол туралы жарияланымдары шығарылымның бай материалдары қатарын толықтыра түскен. Кітапқа құнды мәліметтер, қызықты архив құжаттары мен әр жылдардағы суреттер енгізілген.

Басылым барша оқырман қауымға, әсіресе, Президент Н.Ә. Назарбаевтың өмірлік жолын үлгі етер жастарға арналған.

Баспасөз қызметі

■ КОНСТИТУЦИЯҒА – 20 ЖЫЛ

Егемендігіміздің негізі болып табылатын Ата заңымызға биыл 20 жыл толып отыр. Осы орайда, өткен жұмада ғылыми кітапханада философия және саясаттану, заң факультеттерінің ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасының Конституциясы - заңнаманың тұрақты дамуы мен қазақ мемлекеттілігінің саяси-құқықтық негізі» атты дөңгелек үстел өтті.

Ата заң – тәуелсіздік тірегі



Айтулы мерекеге арналып өткізіліп отырған бұл жиынға отандық және шетелдік ғалым заңгерлер, ғылыми зерттеу институттарының қызметкерлері, мемлекеттік органдардың, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты. Кездесуді заң факультетінің деканы Дәулет Байдәлиев пен философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова құттықтау сөзбен ашты.

Кездесуде Ата заңымыздың қазіргі қоғамда алатын орны, жүзеге асу ерекшеліктері, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуы мен қалыптасуы, болашаққа нық сенім ұялататын «Нұрлы жол», «Мәңгілік ел», «100 қадам» бағдарламалары мен «Қазақстан-2050» Стратегиясының даму жолдарын құқықтық қамтамасыз ету сынды маңызды мәселелерге көңіл бөлінді. Аталған бағдарламаларды талқылау негізінде әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Биекенов дәл қазіргі уақытта Қазақстанның индустриалды қоғамнан постиндустриалды қоғамға аяқ басып келе жатқанын тілге тиек етті. Оған қоса, мемлекеттік ұйымның басында ең ақылдылар, ең іскерлер және сіңірген еңбегіне қарай іріктелген игі жақсылар отырғанын білдіретін меритократия да постиндустриалды қоғамды басқарудың

бір түрі болып табылатынын, «Нұрлы жол» бағдарламасы мен өзге реформаларды жүзеге асыру барысында меритократиялық ұстанымдарға назар аудару қажеттігін айтты. Сондай-ақ келелі жиында қазіргі заман ағымына байланысты халық арасында құқықтық көзқарастың өзгергендігі туралы, жастардың көп бөлігі құқық бұзушылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы емес екендіктері туралы үлкен мәселелер қозғалып, қабылданған Занды халық арасында насихаттау жолдары, оны орындау барысында теңсіздікке жол бермеу және Конституцияны бақылауда ұстау сынды пікірлер айтылды.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Зайлағи Кенжалиев те Конституцияның басты мақсаты тұрақтылықты қамтамасыз ету екендігін және ол саяси құжат ретінде өз қызметін атқарып келе жатқанын айта келе, қазіргі қоғамымыздағы түрлі құқықтық мәселелерге тоқталып өтті. Сонымен қатар дөңгелек үстелге қатысушылар қазақ тарихындағы ежелгі заңдардың халық алдындағы беделі, өзге дамыған мемлекеттердегі келенсіз оқиғалардың себептері, ақпараттық қоғамның ерекшеліктері жөнінде де пікірлерін ортаға салды.

Ұлжан ИБРАИМОВА

Лучшие из лучших

Сотрудники Научно-исследовательских институтов и лабораторий КазНУ представили свои научные работы на 15-й Международной конференции по физике неидеальной плазмы. Главным организатором мероприятия выступил КазНУ им. аль-Фараби.



Кроме казахстанских ученых, в конференции приняли участие физики из России, США, Китая, Японии, Чехии, Венгрии и других стран. Исследователи представляют научному сообществу свои передовые разработки в области физики неидеальной плазмы, нанотехнологий, термоядерного синтеза и других направлений науки.

На церемонии открытия конференции с приветственными словами выступили ректор КазНУ им. аль-Фараби, академик Г. Мутанов, Президент Российской академии наук В.Е. Фортов, Президент Национальной академии наук Казахстана М.Ж. Журинов, Председатель Комитета конференции Рональд Редмер и другие. В частности, Г. Мутанов в своей речи отметил, что КазНУ поставил перед собой амбициозную цель – стать исследовательским университетом мирового уровня. «Достигнуть этой цели невозможно без проведения подобных научных форумов и симпозиумов высокого уровня. Также хотелось бы отметить, что проведение данного мероприятия в Казахстане свидетельствует о признании мировым научным сообществом достижений

отечественных ученых».

Также в ходе мероприятия Е. Фортов прочитал небольшую лекцию об истории возникновения и важности исследований плазмы и отметил, что рад наблюдать на конференции молодых ученых, которые будут вносить свой вклад в науку в будущем.

Конференция представлена более 120 участниками из 30 ведущих стран мира. Среди приглашенных и пленарных докладчиков такие известные мировые ученые-классики по физике плазмы, как Вернер Эбелинг (Германия), Дойч Клод (Франция), Герд Репке (Германия), Табор Калман (США), Осаму Ишихара (Япония) и др.

На прошедшем заседании ученого совета КазНУ, Президенту Российской академии наук В.Е.Фортову было присвоено звание Почетного доктора КазНУ им. аль-Фараби. Церемонию вручения диплома провел первый проректор университета М.Буркитбаев, который награждал высокого гостя за выдающиеся заслуги научной, общественной и международной деятельности.

Рустем АБРАЕВ

28 августа 2015 года хаб ООН по Академическому влиянию КазНУ им. аль-Фараби и представители ООН в Казахстане провели круглый стол «Международный день действий против ядерных испытаний», который был учрежден Генеральной Ассамблеей по инициативе Казахстана в 2009 году. В этот день в 1949 году на Семипалатинском полигоне было произведено первое в СССР ядерное испытание. А 29 августа 1991 года - в годовщину первого взрыва был подписан исторический указ о закрытии Семипалатинского ядерного полигона.

Нет ядерному оружию!

Участники круглого стола почтили минутой молчания память жертв ядерных испытаний.

Заведующий кафедрой физики, доктор физико-математических наук М.Е. Абишев отметил, что накануне в Казахстане был подписан договор о банке ядерных технологий (БЯТ). Он считает, что это позволит развивать научные исследования с применением новых технологий, перерабатывать ядерные отходы, очищая израненную землю Казахстана от последствий почти 2 000 ядерных испытаний.

Профессор исторического факультета С.С. Смагулов раскрыл историко-гуманитарные последствия ядерных испытаний для населения страны, напомнил, что первое в мире испытание технологии ядерного оружия под названием «Тринити» произошло ровно 70 лет назад – в июле 1945 года. Этот взрыв считается началом ядерной эпохи.

Участники движения «Невада-Семей», как председатель фонда POLIGON Н.К. Бозтаев, преподаватели факультета МОГ.С. Сулейменова и М.К. Макишева, отметили, что последствия ядерных испытаний на жителей региона еще ощутимы и требуют постоянного внимания государства.

Директор департамента общественной информации ООН в Алматы Властимил Самек отметил, что Генеральный секретарь ООН Пан Ги Мун еще раз призвал сделать все возможное, чтобы вступил в силу Договор о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний, который является непременным условием ликвидации ядерного оружия.

Участники круглого стола приняли обращение к мировому сообществу, в котором подчеркнули, что только вместе мы сможем сделать наш мир безопасней и лучше.

Галия ИБРАЕВА

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Г. Исимбаева мен Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы Г. Иқсанова ҚазҰУ-да болып, студенттермен кездесті

ҚазҰУ – білімде ғана емес, СПОРТТА ДА КӨШБАСШЫ!



ҚазҰУ – халықаралық спорт аренасында Қазақстан беделін асқақтатқан ерен жүйрік спортшылар тобын тәрбиелеп отырған ЖОО-ның бірі. Оған дәлел – университет студенттерінің Кванджу қаласында (Оңт.Корея) өткен жазғы Бүкіләлемдік универсиададан бес алтын медальмен оралуы.

Аталған сайыстың қорытындысы бойынша, құрама коржынында алты алтын медаль бар. Бұл біздің еліміздің жазғы универсиадаға қатысу тарихында рекордтық көрсеткіші болып табылады. Осы байқауда Қазақстан құрамасы

медальдарды бір ЖОО студенттері жеңіп алып отыр.

Тек кара шаңырағымыздың емес, Отанымыздың намысын қорғап, халықтың ықыласына бөленген студенттеріміздің арасында биология және биотехнология



ВИКТОРИЯ ЗЯБКИНА – биология және биотехнология факультетінің магистранты. Жеңіл атлетика бойынша халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия және Әлем чемпионаттарының жүдегері. 2012 жылғы Лондон (Ұлыбритания) Олимпиадасына қатысушы, Кванджу қаласында (Оңт.Корея) өткен жазғы Бүкіләлемдік универсиада жеңімпазы.

сапына 9 студенті енген ҚазҰУ да рекордтық нәтижеге ие болды. Дәлірек айтсақ, төбемізді көкке жеткізген алты алтын медальдің бесеуі университет студенттерінің еншісінде. Бұл – бірегей жетістік, өйткені Бүкіләлемдік универсиада тарихында алғаш рет осындай көлемдегі

факультетінің студенті Дмитрий Баландин бар. Ол 100 метр қашықтықта браспен жүзу әдісі бойынша өз өнерін көрсетіп, Қазақстан еншісіне алғашқы алтын медальді әкелді. Аталған факультеттің тағы бір спортшысы Виктория Зябкина

Дмитрий Баландин – биология және биотехнология факультетінің студенті. Халықаралық деңгейдегі спорт шебері, Азия чемпионатының күміс жүдегері. Инчхонда өткен (Оңт.Корея) XVII Азия ойындарының браспен жүзу әдісі бойынша үш дүркін алтын медаль иегері, Кванджу қаласында (Оңт.Корея) өткен жазғы Бүкіләлемдік универсиада жеңімпазы



На чемпионате мира по дзюдо, прошедшем в Астане, студент КазНУ Елдос Сметов в весовой категории до 60 килограммов выиграл «золото». В финальной схватке он победил своего соотечественника Рустама Ибраева. Отметим, что Елдос первый казахстанец, который выиграл золото во «взрослом» дзюдо.

ТРИУМФ ЕЛДОСА!

Победа помогла Елдосу возглавить рейтинг в весовой категории до 60 килограммов. Он стал фаворитом отбора на Олимпийские игры в Рио-де-Жанейро от казахстанской сборной.

Елдос – мастер спорта международного класса по дзюдо, чемпион мира среди молодежи 2010 года, бронзовый призёр Чемпионата Азии 2013 года, многократный призер республиканских и международных соревнований разного уровня. Начиная с 2012 года выступает за взрослую сборную.

Е. Сметов является студентом кафедры физического воспитания и спорта факультета биологии и биотехнологии КазНУ. Спортсмен тренируется под началом доцента кафедры, заслуженного тренера РК М. Мырзаева.

«Весь профессорско-преподавательский состав нашей кафедры рад за нашего студента, ведь он первый в истории казахстанец выигравший золото во «взрослом» дзюдо. Елдос ответственный и целеустремленный парень, и я думаю, что его победа – заслуженная. Он упорно готовится ко всем соревнованиям, тренируясь по три раза в день», – отметил М.Мырзаев.

Сам Елдос отметил то, что не собирается останавливаться на достигнутой победе. В следующем году будет проходить Олимпийские Игры в Рио-де-Жанейро (Бразилия). Он надеется, что казахстанские дзюдоисты выиграют там медали самой высшей пробы.

Это лето выдалось «урожайным» на медали в спортивных дисциплинах для студентов КазНУ. Напомним, что на летней Всемирной Универсиаде в г.Кванджу (Южная Корея) студенты КазНУ выиграла




5 «золотых» и одну «бронзовую» медали.

В университете культивируется свыше тридцати видов спорта. Клубная форма работы секций позволяет студентам заниматься физкультурой и спортом в удобное для них время и с большей эффективностью. В текущем году начато строительство плавательного бассейна. Это будет способствовать популяризации плавания среди студенческой молодежи, позволит проводить тренировки и соревнования на собственной базе.

Рустем АБРАЕВ



Никита Филиппов – физика-техникалық факультетінің студенті, Кванджу қаласында (Оңт.Корея) өткен жазғы Бүкіләлемдік универсиада жеңімпазы.



да ел намысын қолдан бермей, 100 және 200 метр қашықтыққа жүгіруде және аса маңызды жарыстардың бірі – 4-те 100 метрлік эстафетада бар күшін салып, бірден 3 алтын медаль иегері атанды.

ҚазҰУ сенім артқан физика-техникалық факультетінің студенті Никита Филиппов та сырықпен секіру жарысында 5 метр 50 см биіктікті бағындырып, Қазақстан үшін тағы бір алтын медальды жеңіп алды. Сонымен қатар, эстафета жеңімпаздарының құрамында Светлана Иванчукова да бар. Жеңімпаздар елге оралғаннан кейін, оларды жеңістерімен құттықтаған ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов аталған спортшыларды мақтан тұтатынын және олардан болашақта үлкен үміт

күтетінін жеткізді.

Осы орайда, Қазақстан студенттік спортында ҚазҰУ-дың талассыз көшбасшы екендігін атап өтуге тиіспіз. Мәселен, ҚазҰУ студенттері 2014 жылы Инчхонда өткен XVII Азия ойындарында төрт алтын, екі күміс және үш қола медаль иеленді. Сондай-ақ, университетіміздің 11 спортшысы 2012 жылы Лондон Олимпиадасына қатысқаны, аталмыш байқауда заң факультетінің студенті Светлана Подобедова алтыннан алқа таққаны да ҚазҰУ спортының биік дәрежесін көрсеткен болатын.

**Жұлдыз ӘБІЛ,
Ұлжан ИБРАИМОВА**

Білім күніне арналған салтанатты жиындар еліміздің бүкіл аймақтарында шерулетті. Осындай айрықша мәні бар айтулы жиын Қазақстандағы білім беру саласында алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жанынан құрылған колледж бен бейіндік мектепте ұйымдастырылды.

Биылғы жыл ауқымды мерейтойлармен ерекшеленетіні белгілі. Атап өтсек, Ұлы Женістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығы, Қазақстан Конституциясының 20 жылдығы. Мемлекет басшысының бастамасы бойынша жарияланған ассамблея жылы біздің Отанымыз – Қазақстанның табысқа қол жеткізуі және өркендеуі үшін маңызды халықтар бірлігі, тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім басты назарда екені аян. Жыл сайын өтетін 1 қыркүйек



Колледждің маслихат төрағасы А. Габдикаримова мен бейіндік мектеп кеңесінің президенті С. Жолшыбек ұстаздар мен оқушы қауымды жана оқу жылымен құттықтай отырып, білім жолында толағай табыстарға жетуге тілек білдірді. Алғашқы қоңырау соғу салтанаты мектебіміздің озат оқушылары, білімді түлектері – Жанатаев Нұрдәулет пен Маденова Мадинаға табысталды. Салтанатты жиыннан кейін білім алушылар өздерінің сынып жетекші-кураторларымен танысып, сынып сағаттарына кірді. Мектептегі сынып сағаты «Ерлік сабағына», ал колледждегі кураторлық сағат «Бейбітшілік пен келісім сабағы», «Мәңгілік ел: бір ел – бір тағдыр» атты тақырыптарға арналды. Аталған тәрбиелік іс-шаралар дәріс, саяси сабақ, пікірталас, рөлдік ойындар түрінде қызықты ұйымдастырылды.

А.К. ОМАРОВА,
ҚазҰУ колледжі директорының орынбасары,
М.Н. ХАМИТОВА,
бейіндік мектеп директорының орынбасары

«ТАРИХШЫЛАР АЛЛЕЯСЫ» АШЫЛДЫ

Өткен оқу жылының соңында ҚазҰУ-да осыдан 20 жыл бұрын тарих факультетін тәмамдаған түлектер бас қосты. Осы айтулы кездесуде ҚазҰУ түлектері өздері түлеп ұшқан білім ордасының алдында «Тарихшылар аллеясын» ашып, игі істің бастамашысы болды.



1995 жылы сол кездегі Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін 120 түлек бітірсе, 20 жылдық мерекеге жартысына жуығы қатысты. Олардың арасында шараның ұйымдастырушысы, қазіргі кезде қоғамдық белсенді Ғабиден Жәкей, белгілі дипломат, Қазақстан Бокс федерациясының президенті Диас Сүлейменов, Назарбаев университетінің проректоры Асқат Бекжанов, ҚР Білім министрлігінің басқарма төрағасының орынбасары Талғат Дайыров, танымал шоумен және актер Жантемір Баймұхамедов, Шымкент қаласы білім басқармасының бастығы Ынтымақ Мәдиев, белгілі тарихшы Асқар Тәжи, Алматы облыстық сотының төрағасы Ардақ Ешеев, Атыраулық құрылыс саласындағы ірі кәсіпкер Бейсен Ерғалиев, қалалық Күзет басқармасының бастығы Марат Оразиманов, республикалық деңгейдегі ірі кәсіпкер Дәурен Тәшенов, Дәрігул Мұсағалиева, Рита Жаманбаева, Гүлмира Баймағанбетова, «Кселл» компаниясы заң бөлімінің басшысы Сара Тұрабаева, «Кселл» компаниясы кадр бөлімінің басшысы Әнель Қалиева және басқалары еліміздің әр түкпірінен келді. Тарихшы түлектер бір кездері өздері білім алған оқу орнын аралап, студенттік жылдарын еске алды. ҚазҰУ мұражайларына бас сұғып, ҚазҰУ-дың өткені мен бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. Сонымен қатар, түлектердің бастамасымен жасыл келке оранған, ҚазҰУ қалашығына көрік беретін «Тарихшылар аллеясы» ашылды. Түлектер ағаш отырғызып, аллеяның ашылуына орай естелік суретке түсті. Шараның ұйымдастырушысы Ғабиден Жәкейдің айтуынша, бұл істер – аға ұрпақтың жас ұрпаққа жасаған сыйы. «Бұл аллеяны ізімізді басып келе жатқан жастарға бір жағынан сыйлық ретінде, екіншіден үлгі болсын деген ниетпен ашып отырмыз. Тарихшылар аллеясы ҚазҰУ қалашығына, оның тұрғындары – студенттерге ұнайды деген сенімдеміз», – деді ол. Түлектермен бірге 1990-1995 жылдары тарих факультетінің деканы болған үлкен тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы қатысып, шәкірттерінің бұл бастамаларына алғыс айтты.

Айта кету керек, тарихшы түлектер 10 жыл бұрын тарих факультетіне компьютермен жабдықталған кабинет ашып берген болатын. Қазіргі күнге дейін бұл кабинетті болашақ тарихшылар қолдануда. Жас ұрпақтың қамын ойлайтын осындай ағалар барда, жастардың да мерейі үстем, болашағы жарқын болары сөзсіз.

Дариға АМАНКЕЛДИЕВА

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

– Білім күнінде ұстаздар оқушы қауымды өз Отаны – Тәуелсіз Қазақстан Республикасын сүюді, оның лайықты азаматтары болуды, қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау ұмтылысын үйретуі тиіс. Осы мақсаттағы салтанатты жиын «Менің Отаным – Қазақстан» деген тақырыпта өтті. Мерекелік жиынды қос оқу орнының басшылары Нұрқанова Райхан Оразбекқызы мен Алпысбаева Дария Исболқызы өздерінің құттықтау сөздерімен ашты. Олар алдағы оқу жылының айтулы іс-шараларымен таныстырып, ҚазҰУ-да берілетін білім жүйесінің ерекшелігіне тоқталды. Оқытушылар мен білім алушыларды ордамыздың тек биіктен көрінуіне атсалысуға шақырды. Сондай-ақ жоғары оқу орнына дейін білім беру факультетінің

деканы Ж.Е.Жаппасов, жалпы және этника кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор А.А. Булатбаева, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.д., профессор Г.К. Ихсанғалиева құттықтау сөз сөйлеп, жастарға жол сілтеді.

Биылғы оқу жылында колледж бен бейіндік мектепке түскен дарынды жастар қатары толыға түсті. Жанадан қабылданған колледждің білім алушысы заманауи би билеу арқылы өз өнерін көрсетіп үлгерсе, бейіндік мектептің 10-сыныбына қабылданған Ғайниұлы Хакім «Қазақ елі осындай» әнімен мерекелік жиынның көркін қыздырды. Сонымен қатар мектеп оқушысы Мәкенов Әділ өз шығармашылығынан ҚазҰУ-ға арнаған өлең шумақтарын оқыды.

СҚЖ студенттерді еңбекке баулиды

ҚазҰУ білімнің қара шаңырағы ғана емес, жадырап жаз келгенде жастарды еңбекке шақыратын нағыз еңбек майданы да бола алады. Оған дәлел, көп жылдық тарихы бар студенттік құрылыс жасағы мен «Жасыл ел» еңбек жасақтарының белсенді жұмыс жүргізуі. Ең бастысы, бұл жұмыс жасағына әлеуметтік жағдайы мен белсенділігіне, оқудағы үлгеріміне қарай студенттер іріктелініп алынады.



Жастардан жасақталған жалынды жұмыс биыл маусымның бірінші жұлдызынан басталып, тамыздың жиырма екінші жұлдызына дейінгі аралықты қамтыған болатын. Еңбек жасағына алынған студенттер ҚазҰУ аумағын абаттандыру, көгалдандыру, оқуғимараттарымен студенттер үйіндегі ағымдағы жөндеу жұмыстарымен және экспериментальды өндірістік орталықта жиһаз жасаумен айналысты. Студенттер еңбектеріне сай университет тарапынан жалақы төленіп, тегін екі мезгіл тамақпен және жатақханамен қамтамасыз етілді.

Студенттерді еңбекке тәрбиелеген, ҚазҰУ-дың студенттік құрылыс және «Жасыл ел» еңбек жасақтары штабының басшысы, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық қатынастар жөніндегі орынбасары Жұмағали Бейсенбайұлы: «Жұмыстан тыс уақытта студенттермен көптеген мерекелік шаралар ұйымдастырдық.

Атап айтар болсақ, әртүрлі би кештері, «Жалынды жастар» атты түнгі алау, интеллектуалды ойындар. Бұлар студенттердің еңбектегі құлшынысына дем бергендей. Биылғы маусым қасиетті Рамазан айына сәйкес келгендіктен ай бойы ауызшар берілді. Оған университет басшылығы да үлкен қолдау көрсетті. Сондай-ақ жасаққа қатысқан жастар Талғар қаласындағы жетімдер үйіне барып, сауапты іс атқарып қайтты», – дейді.

ҚазҰУ-дың студенттік құрылыс және «Жасыл ел» еңбек жасақтарында биылғы маусымда 120 студент еңбек атқарды. Олар толықтай Алматы қалалық «Жасыл ел» еңбек жасақтары штабы тарапынан арнайы формамен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар,

еңбек жасақтарының құрамындағы студенттер Алматы қаласы күніне орай «Таза қала» акциясын өткізе отырып, «Сайран» көлі маңындағы қалдықтар мен қоқыстарды тазалау, тазарту жұмыстарына белсене атсалысты. Жастар сонымен қатар Алматы қаласы маңындағы сел жүру аудандарына арнайы барып, жапа шеккен тұрғындарға көмек қолын көрсетті.

Жасақтағы жастар саясимақселелерге де белсенді екендіктерін білдірді. Алматы қаласы әкімдігімен бірлесе отырып «Жастар жемқорлықсыз 100 нақты кадаммен – болашаққа!» атты флешмобқа қатысып, Елбасы атап айтқан бағыттарға қолдау көрсетті.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Астанада дзюдодан өтіп жатқан Әлем чемпионатында ҚазҰУ студенті Елдос Сметов алтын медаль жеңіп алды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Керемет» деген атпен шаңырақ көтерген бірыңғай ресурстық студенттерге қызмет көрсету орталығы бүгінде университеттің мақтанышына айналып отыр. Өзіне оқу, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, жастар орталығы, ойын-сауық және көңіл көтеру бойынша секторлар шоғырланған орталықтың қызметіне студенттер мен оқытушылар қауымы ерекше риза.

КЕРЕМЕТ

Орталықты құрудағы мақсат оқу-тәрбие барысындағы әкімшілік, кеңес берушілік қызметтерді көрсетуді дамыту, «бір терезе» қағидасы бойынша әлеуметтік-қоғамдық қызметтерді ұсыну, сонымен қатар жастар саясаты мен оқу үрдісі менеджментінде, инновациялық іс-әрекеттерде студенттерді ынталандыруды дамыту болып табылады. Студенттерге қызмет көрсету орталығының тәжірибелік мәні – студенттердің кампус аумағында болу барысында оларға деген сапалы әлеуметтік-тұрмыстық маңызды жағдайларды қалыптастыру.

Үш қабатты, соңғы еуропалық үлгідегі, жарқыраған кең ғимаратты кешенде бірнеше сектор орналасқан.

Аталмыш секторлардың бірі «бір терезе» қағидасында жұмыс жасайтын,

біріктірген – оқу секторы. Сонымен қатар бұл секторда Алматы қалалық халыққа қызмет көрсету орталығының мобилділік бөлімшесі ақпан айынан бері жұмыс жасап жатыр. Бұл жерден студенттер тікелей электронды үкімет порталына

КЕМЕЛДЕНІП

қолжетімді қоғамдық орын құралдарынан анықтамалар ала алады.

Ал банктік, заңгерлік, туристік, жұмысқа орналастыру туралы қызметтерді ұсынатын сектор әкімшілік, әлеуметтік-тұрмыстық сектор деп аталады.



да тыс қалмаған. Ол үшін орталықта кинотеатр және кафе қызмет көрсетеді. Төменгі қабатта мини-MEGA жобасы аясында супермаркет, сұлулық салоны, кітаптар дүкені, фотостудия, киім жуу

Орталық мақтанышының бірі – соңғы заманауи медициналық технологиялық құралдармен жабдықталған медициналық орталық. Халықаралық Қазақстан-Корей диагностикалық орталығының

КЕЛЕДІ



өзіне тіркеуші кеңсесін, студент бөлімін, халықаралық ынтымақтастық бөлімін, төлқұжат үстелі мен бухгалтерия бөлімдерін

Орталықтың негізін қалаушылар назарынан студенттерге көңіл көтеру, ойын-сауықтық қызметтер ұсыну тарапы



орны орналасады. Бүгінде фотостудия мен кітап дүкені өз жұмыстарын бастады. Аталмыш сектордың қалған нысандары жабдыкталу үстінде.

Сонымен қатар, жастар орталығы секторы жұмыс жасайды. Бұл секторда Қазақ ұлттық университетіндегі барлық студенттік ұйымдар орналасқан. Студенттік жастармен ақпараттық жұмыс жасаудың тиімді ауданын қалыптастыруға негізделген «InnovaTV» жобасының орны өз алдына ерекше.

қызметтерін. үлкен 6 топқа біріктіріп атап өтуге болады: функционалдык зерттеу, клиникалық зерттеу, зертханалық зерттеу, сәулелік зерттеу, гинекологиялық зерттеу, антропометрологиялық зерттеу. Диагностикалық орталықтың бүгінгі қызметі қарқынды жүріп жатыр, студенттер, оқытушылармен қатар қала тұрғындарына өз қызметтерін көрсетуде.

С.М. БАЯНДИНОВА,
«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының директоры



В преддверии 20-летия Конституции РК более 350 курсантов военной кафедры университета в торжественной обстановке приняли воинскую присягу

ҚазҰУ-дан алған

әсеріңіз қандай?



Құралай ЕЛУХАН,
филология факультетінің 1-курс студенті

— Менің ҚазҰУ-дан алған алғашқы әсерім керемет. Әрине, қатты қобалжу болды. Өзге қала, әр өңірден жиналған студенттер — барлығы аздап үрей тудырған болатын. Алайда, университетке деген қызығушылығым бұл қорқыныштан басым болды. ҚазҰУ-дың әсем табиғаты, таза ауасы, тіпті, студенттік өмірдің қызығына енген жастары да адамды еріксіз тартады. Бүгін өз тобымдағы басқа студенттермен бірге эдвайзерімізбен танысып, ҚазҰУ-дың білім жүйесі туралы азды-көпті мәлімет алдық. Дәрістен соң, ҚазҰУ-дың жетекші университет екеніне тағы да көзім жетті. Мен осындай іргелі оқу орнының студенті атанғанымды мақтан тұтамын.



Айымбек ҚАДЕРОВ,
география және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс студенті

— Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — еліміздегі ең тандаулы жоғарғы оқу орны. Университеттің бір ерекшелігі — оқу ғимараттарын, жатақханаларды, кітапхана мен интернет орталығын, одан өзге студенттерге қажетті нысандарды да бір аумаққа орналастырғаны. Бұлардың барлығы студенттердің білім алуына қолайлы жағдай тудырады сөзсіз. Одан бөлек, ерекше табиғаты да көңіл қуантады. Бүгінгі алғашқы дәрістен кейін ҚазҰУ-ға тіпті қызығушылығым артып кетті. Алғашқы оқу күнімде көптеген студенттермен

танысып, өзімді ҚазҰУ-дай үлкен отбасының бір баласындай сезінгенімді де жасырмаймын. Мен ҚазҰУ-дың студенті болғанымға қуанамын және болашағымның айқын екеніне де сенімім мол.



Нұрмұхасан ӘМЗЕ,
филология факультетінің 1-курс студенті

— Шынымды айтсам, менің ҚазҰУ-дан алған әсерімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Алматыдай әсем қалада, осындай университетте білім алу мен үшін

үлкен бақыт болып табылады. Тіпті, қуанышымда шек жоқ деп айтсам да болады. ҚазҰУ-ға қандай мақтау айтса да жарасады деп ойлаймын. Алғашқы дәрістен де өте жақсы әсер алдым. Эдвайзеріміз барлық сұрақтарымызды тындап, рет-ретімен барлығын түсіндіріп берді. Бүгін ҚазҰУ-дың барлық жүйесінен хабардар болып, өз білім ордама тәнті болдым. Өйткені, ҚазҰУ — Қазақстанның ең беделді оқу орны. Сол себепті, осы жоғарғы оқу орнының алғыр студенті болуға және өз мамандығым бойынша білікті де білімді маман атануға уәде беремін.

Құндыз МҰХАНҒАЛИ,
журналистика факультетінің 1-курс студенті

— Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түскеніме өте қуаныштымын. Өзім де кішкентай кезімнен бастап осы университеттің студенті атануды армандаған едім. Бұл оқу орнына келгеніме азғана уақыт болса да, ҚазҰУ-



лық көңіл-күй өте тамаша екеніне көзім жетті. Өйткені, алғашқы күндерден бастап ұстаздар мен белсенді студенттер бізді ҚазҰУ өмірімен таныстырып жатыр. Алғашқы дәрісте эдвайзеріміз осы оқу жылына сәттілік тілеп, топ студенттерімен танысып, жұдырық болып жұмылып, бірге жұмыс жасайтынымызды айтты. Әрине, біз сапалы білім үшін ҚазҰУ-ға келдік және сол білімді аламыз деп ойлаймын. Маған бәрі ұнады. Оқу орны да, жатақхана да — барлығы керемет. Алдағы уақытта да солай боларына сенімдімін.

Дана ДӘУЛЕТОВА,
механика-математика факультетінің 1-курс студенті

— Мен бұл қалашықтың лебін осыдан бұрын да сезінгенмін. Атап айтсам, Халықаралық ғылыми жарыста өз бағымды сынауға Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайына келген болатынымын. Міне, сол уақыттан бастап, осы университетке ғашық болдым десем де болады. Бұл қалашықта әсемдігінен басқа, адамды еліктіріп әкететін ерекше күш бар десем артық айтқаным емес. Ендігі кезекте, өзім де осы университеттің студенті екеніме сене алар емеспін. Тіпті, бүгін, алғашқы дәрісте өзгеше көңіл күйде болдым, Алдағы уақытта бірге білім алып, бірге жұмыс атқаратын студенттермен және эдвайзерімізбен танысып бір қуанып қалдым. ҚазҰУ-дың электронды білім жүйесі маған қатты ұнады. Біздің ендігі мақсат — тек білім алу. Қара шаңырақ ҚазҰУ-ға алғаш қадам басқан барлық студенттерді шын жүректен құттықтаймын және бәріне сәттілік тілеймін.



Сауалнаманы жүргізген: **Ұлжан ИБРАИМОВА**

■ СТУДЕНТТІК ЕЗУАТТАР

Бірде студент ауылдағы әкесіне киім-кешек, дәптер-мәптер, бал-сал аламын деп 100 мың теңге беруін сұрап хат жазыпты. Араға апта салып әкесінен де жауап келеді. Хатта әкесі:

— Кешекті қайтесін, киім ал, мәптерді қайтесін, дәптер ал, салды қайтесін, бал ал деп 50 мың теңге салып жіберіпті.

Екі студенттің әңгімесінен: — Сен неге ерте үйлендің? Әлде бойдақтықтан тез жалығып

кеттің бе?

— Жок, бойдақтықтан қарным ашып кетті.



Бірінші курсқа жаңа түскен төрт жігіт бірер аптадан соң былай келесіді:

— Қызға қырындағанда бір-бірімізге кесіріміз тимес үшін осы бастан келісіп алайық.

келісіп алайық.

— Онда Майгүлге мен барамын.

— Ақгүл менікі болсын.

— Сартгүлге тиісуші болмандар, — деп үшеуі курстағы әдемі деген қыздарды өзара бөлісіп алды.

Төртіншісі үндемейді. Оған жолдастары:

— Сен кімге барасың?

— Сендерге көнбегеніне.

Ағылшын сабағы.

Бір студент досынан: — «I don't know» қалай аударылады? — деп сұрайды.

Досы: — Мен білмеймін.

— Мәссаған, ешкім білмейді, — депті студент.

— Мен академиялық демалыс алсам ба деп едім?

— Ауырып жүрмісің?

— Жок, келесі жылы стипендияны көбейтетін көрінеді.

Дайындаған: **Жұлдыз Әбіл**



ОТАН ҚОРҒАУ — ЕР-АЗАМАТТЫҢ

БИК МҰРАТЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

Жедел ішек аурулары — ең бірінші асқазан-ішек жолдарын зақымдайтын инфекциялық аурулар тобы. Аурудың себебі сыртқы ортаға адамның дәретке отыруы арқылы шығатын және адам ағзасына ауыз арқылы түсетін бактериялар мен вирустар болып табылады. Жедел ішек аурулары инфекциялық ауруларының арасында жедел респираторлық инфекциялық аурудан кейінгі екінші орынды иеленетін кең таралған ауру болып табылады.

Ішек ауруларынан сақтаныңыздар

Жазғы кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі ішек жұқпаларының алдын алу болып есептеледі, оның ішінде сальмонеллез жұқпасы.

Бүгінгі күні Алматы қаласы бойынша сальмонеллез жұқпасы 23,5 пайызға төмендегенімен, күнделікті жұқпалы ауруханаға науқастардың шағымдарымен қаралуы да үзілер емес.

Сальмонеллез жұқпасының ерекшелігі, оның қоздырғышы қоршаған ортада ұзақ уақыт бойы: суда 120 күнге дейін, ет пен шұжықтарда 2-4 ай бойы, ірімшікте 1 жылға, жер қыртысында 18 айға дейін сақталады. Кейбір азық-түліктерде (жұмыртқа, сүт, ет тағамдары) олар сақталып қана қоймай, тамақтың дәмі мен түрін бұзбастан көбейеді де. Оларға тұздау мен кептіру өте әлсіз әсер етеді. Инкубациялық кезең 6 сағаттан 7 тәулікке дейін созылады. Аурудың диагнозын клиникалық көрініс, зертханалық зерттеу нәтижесі бойынша және эпидемиологиялық анамнез (сальмонеллезді жұқтыруға себеп болуы мүмкін тағамның болуы) деректері бойынша қояды.

Ең бір айта кететін жайт, науқастармен адам дер кезінде арнайы, дұрыс, сапалы ем алмаған жағдайда, ауру көзінші созылмалы дертине, асқынудына, сонымен қатар дені сау жұқпа көзінің тасымалдаушылығына шалдығуы мүмкін.

Аталған аурудан сақтану үшін, құстардың етінен тағам дайындау кезінде, оларды қайнатудың ережелерін мұқият сақтаған дұрыс. Құстар мен жан-жануарлардың мүшелерін бөлгеннен кейін ыдыс-аяқты, бөлетін тақтайшаны, үстелдің үстін сабындап жуу керек. Құс пен мал еттерін пайдаланарда өбден жақсылап қуыру қажет. Ал жұмыртқаны шикілей пайдалануға болмайтындығын ұмытпау қажет. Пайдаланардан бұрын мұқият тазалап жуған соң, ең кем дегенде 7-10 мин қайнатып барып пайдаланған жөн.

Малды сойғанда малдәрігерлік тазалық қағидаларын сақтау, азық-түлік өнімдерін дұрыс тасымалдау, сақтау кестесін орындау ережелерін мұқият орындау және де күдікті, жабайы сауда орындарынан азық-түліктерді алмау, жеке бас гигиенасын сақтау, сонымен қатар, мерзімі өткен азық-түлік өнімдерін қолданбау, тез бұзылатын тағамдарды сақтау ережелерін бұзбай қолдану қажет.

Егерде сальмонеллез жұқпасын жұқтырған науқас бар болған ошақта бірге тұратын, бірге жұмыс істейтін кісілер 7 күн аралығында медициналық көмекке жүгініп, бақылауда болуы қажет. Өткен олардың шағым, яғни қызуы бар ма, іші өтпей ме, іші ауырмай ма, ағзаларында қандай да бір өзгерістер бар ма деген сұраулар жүргізіледі, мұның өзі жұқпа көзін әрі қарай болдырмау, дені сау тасымалдаушыларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Сөз соңында тұрғындарға тауар сатып алу барысында міндетті түрде тауар сапасына, сақтау шарттарына, мерзіміне, шығарылған күніне, шығарушы туралы мәліметтерге, құрамына назар аударған жөн екенін айта кеткіміз келеді. Қазақстан Республикасы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заң талаптарына сәйкес, тауар сатып алу кезінде сатушы Сізге тауар туралы толық мәлімет беруі тиіс.

Сапасыз тауар алып немесе сапасыз қызмет көрсетілген жағдайда осы заң талаптарына сәйкес тауарды ауыстыруға, кері қайтаруға, тауар сапасына, көрсетілген қызметке байланысты өміріңізге қауіп төнген жағдайда залалдарды толық көлемде өтетуге және тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдары арқылы сотқа шағым түсіруге құқығыңыз бар екенін айта кетеміз.

А.Ө. ӨТЕҒАЛИЕВ,

Алматы қаласы Бостандық аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы

Қазақстан Конституциясының 20 жылдығы мерекесіне сәйкес келген әскери кафедра курсанттарының ант қабылдауына оқудың толық курсынан өткен 350-ден астам түлек Отан алдында адалдыққа ант берді. Сонымен қатар әскери кафедраны үздік тәмамдаған курсанттарға, оқу бағдарламасы бойынша запастағы офицерлерге «лейтенант» әскери атағы құрметпен табысталды.



Салтанатты шараға ҚазҰУ ректоры, академик Ф. Мұтанов қатысып, алғы сөзде: “Құрметті курсанттар! Бұл күн сіздердің өмірлеріңіздегі ең елеулі күн. Өйткені, дәл осы күні сіздер Отан алдында ант қабылдадыңыздар. Отанға адал болу, Отанға қызмет ете білу - ең үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл дәстүр университетімізде жыл сайын жалғасып келеді. Сіздер университетте заман талабына сай білім алумен қатар, әскери білімді қоса алып шығасыздар. Осы қуанышпен бөлісуге ата-аналарыңыз, туған-туыстарыңыз, бауырларыңыз, достарыңыз және топтастарыңыз келіп отыр. Баршаңызды бүгінгі ант қабылдау күнімен құттықтаймын. Біздің түлектердің халқымыздың данқты әскери дәстүрін абыроймен жалғайтынына сенемін. Сіздер ҚазҰУ студенті ғана емес, ел қорғаны екендіктеріңізді ұғынып тұрған



боларсыздар! Сондықтан да, қабылдап отырған анттарыңызға қашанда адал болыңыздар!” — деп құттықтап, курсанттарға сенім білдірді.

Айта кетейік, ҚазҰУ әскери кафедрасы 1934 жылы Қызыл әскердің бөлімдері мен байланысы үшін әскери дайындық тобын әзірлеу мақсатында құрылған болатын. Әскери кафедрадағы дайындау үлгісі жастар арасында мемлекеттік-патриоттық тәрбие деңгейін көтеруге әсер етеді. ҚазҰУ-дағы әскери дайындықты ҚР азаматы болып табылатын, әскери қызметке денсаулығы жарамды, факультетте табысты білім алып жатқан және арнайы іріктеуден өткен — университеттің барлық күндізгі бөлімінің студенттері қалауы бойынша өте алады.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Бизнес-Информ” баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №719

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.